

# P Prezident & HALYD



1998



For more information, please contact us at 1-800-555-1234

For more information, please contact us at 1-800-555-1234

## СОҢҒЫ КЕЗДЕСУЛЕР



**Жаңа ғасырдың басында, яғни 2000 жылдан бастап бір топ зиялы қауым өкілдері З.Қабдолов, И. Жақанов, Ш.Қажығалиев, Ә.Есқалиев, Ғ.Есімов, С.Жанпейісова Атырау облысының әкімі болып жаңа ғана тағайындалған Иманғали Тасмағамбетовтің шақыруымен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне және Дина Нұрпейісова атындағы Атырау музыка академиясына жұмысқа шақырылды.**

Зейнолла Қабдолов ағамыз университеттің қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінде әдебиет теориясынан және әдебиет тарихы мәселелерінен дәрістер оқыды. Академиктің сабақ кестесі көктем айларына қойылды. Өйткені оған дейін өзінің негізгі жұмысы Қазақтың ұлттық мемлекеттік университетінде атқарылады. Зәкең тек дәріс оқып қойған жоқ, Атырау мәдениеті мен әдебиетінің бүкіл болмысына уақыт есептемей кірісіп кеткен еді. Ол облыстағы барлық шараларға шақырылды, сөз сөйледі, еңбекшілермен етене араласты. Туған жеріне бұрын да жылына бірнеше дүркін ат басып тіреп жүретін Зәкең енді бұрынғыдан да гөрі қанатын жайып, халық құшағына еркін енді. Академиктің университет жұмысына араласа бастағанынан-ақ оқу орнына ұлы Мұхтар Әуезовтің рухы келгендей әсер қалдырып, ерекше құбылыс туды.

Міне, осылайша Зәкең 2004 жылдың маусым айының аяғына дейін жұмысын жалғастырып, енді Алматыға аттанбақшы болып жатқан шағы болатын. Мен Зәкеңмен кафедрадағы болашақ жоспарларым хақында пікірлеспекші болып үйіне бардым. Уақыт түске дейінгі мезгіл еді. Маған сұрақты жүзбен қарады да: – Қадыр, осы сен менің атымда зертхана ашып майлы бояумен үлкен портретімді салдырды деп естідім. Оларды көре алмадым ғой, – деді. Көре алмағаны рас еді. Себебі қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің оқу корпусы бөлектеу, бұрынғы жатақхананың орнында болатын. Ал, портрет осы корпуста 2003 жылы өз бастамаммен ашқан Зейнолла

Қабдолов атындағы зертханада ілулі тұрған-ды. Зәкеңнің лекцияларын тыңдауға студенттер үлкен корпуста баратын. Мен ұйымдастырған зертхана өз корпусымыздағы шағын ғана бөлме еді. Зәкеңнің атында зертхана ашуға көмектесіп, қолұшын берген сол кездегі ректорымыз Асхат Сәлімұлы Иманғалиев зерттеу жұмысын жүргізуге зертханаға лаборант тағайындап, компьютермен қамтамасыз етті. Бөлменің ішіне шкафтар қойдырып, үйімнен кітаптар әкеліп, жұмысты бабына келтіруге тырыстым.

Зәкеңнің: – Мен сол зертхананы көрейін! – демесі бар ма? Мен қысылып қалдым, себебі корпуста жөндеу жұмыстары басталып кеткен болатын, аяқ басарға жер жоқ. «Оған қалай апарамын» деген ой басымды аласапыран етті.

Сол сәтте ректордың: «Зейнолла Қабдолов атындағы зертхананы үлкен корпуста сәулетті үлкен аудиторияға көшіреміз» деген сөзі есіме түсті де: – Зәке, зертхана тұрған корпуста күрделі жөндеу жүріп жатыр, сондықтан бәрін жинап тастап едік. Әрі келесі оқу жылында ректор зертхананы үлкен корпуста көшіреміз және сізді шақырып, салтанатты түрде лентасын қиямыз, – деп еді, қыркүйек айында оқу жылы басталғанда дайын болады», – дедім.

Зәкең «жақсы» деп зертхананы жаңа оқу жылында көруге келісімін берді. Ұлы ұстазым, академик Зейнолла Қабдоловтың тілегін орындай алмағанымға қатты өкіндім. Ғалым аға өзінің атында тұңғыш зертхана ашылды дегенге көңілі толғандай және соншама риза болып еді.

Сонымен бірге мен ұлы ағаға арнап «Зейноллаға» атты дастан жаза бастағанмын. Оның алғашқы тарауларын «Атырау» газетінің бірнеше санынан оқып, маған ризашылығын білдіріп, күлімдей қарағаны жанымды қалай жадыратқанын сөзбен жеткізіп айту өте қиын. Маған деген сол ризашылығы қанат бергендей болып, 2004 жылы дастанды тез бітіруге әрекет еттім.

Өттен, тағдырдың қырсығын көрмейсіз бе? ... Жаңа оқу жылында Зәкеңмен кездесе алмадық. Қыркүйек айында қатты сырқаттың салдарынан аға ұзақ ұйқыға кеткен еді. Дастанның «Ұйықтап жатыр ұлы ағам» атты тарауын осы кезде көзімнен жасым сорғалап отырып жаздым.

2004 жылы қыркүйекте басталған ұйқы ұзаққа созылды. Бұл кезде Зейнолла аға Совминнің ауруханасында дәрігерлердің мұқият бақылауында болды. Ағаға дәрігерлер өз тәсілдерімен тіршілік нәремін беріп отырыпты. Жалғыз өзі тыныш палатада жатыпты. Сәуле апаға сол палатадан орын берілген. Емдеуші дәрігер радио әкеліп, жәй дыбыспен қосып қойыпты. Радиодан хабарлар да, концерттер де беріліп жатады. Бұл дәрігерлік әдіс. Ұзақ ұйқыға кеткен сырқаттар дыбысқа елеңдеп жатып, ояматын көрінеді. Осылайша бір ай, екі айдан асып, үшінші айға ұласа бастаған.

Сәуле апа кейіннен есіне алып: – Бір күні түс қайта Зәкең сәл тамағын кенеді де, кішкене қимылдап: «Шөмішбай» деп дауыстап, сәл-сәл көзін ашты. Осы кезде дәрігер келіп Зәкеңмен жәй сөйлесе бастады. «Ұйықтап кетіппін ғой» деп, алғашқы сөзін айтқанда, қуаныштан жүрегім жарылып кете жаздады, – деді.

Кейіннен апайдан Шөмішбайдың атын айтып оянғаны жөнінде сұрағанымда: – Шөмішбай өзінің ерекше бағалайтын ақын інілерінің бірі ғой және

радиодан беріліп жатқан концерттің әндерін хабарлағанда, диктордың: «Сөзі Шөмішбай Сариевтікі» деген сөзі есінде қалып, қайта-қайта ойынан шықпаса керек деп ойладым. Осылайша Зәкеңді радио оятты.

Кейін Зекеңді үйге алдыртып, дәрігерлер дәрі-дәрмектерінің неше түрлісін кесте бойынша ішкізіп отыруды апайға тапсырыпты. Оған қоса өздері күнде келіп, сырқаттың халін біліп кетіп отырыпты. Сәуле апай, жар қосағы Зейнолла ағаны сәбидей аялаумен өткізіпті.

Зейнолла ағаның ауырып қалғаны бүкіл қазақ халқының жанына батты. Ұлы ағаның жанашырлары әрбіреуін баласындай мәпелеген қымбат байлығы – шәкірттері еді ғой. Ағайын-тума екібастан, барлық достары мен шәкірттері күн құрғатпай келіп, ағаның басын көтеріп, тұрып кетуін тіледі. Атырау теңізі буырқана мұңға батты, тұманының тез жайнап ашылуын күтті. Келер жылдың жазын аяқтай келе, Алматыға университет ректоры Асхат Сәлімұлы екеуміз іс-сапарға барғанда, Зекеңнің халін білуге Достық көшесіндегі үйіне келдік. Ағаның көзі жайнап, екеумізге кезек-кезек қарады. Айналайын ағамыздың көзінен: «Мені мына сырқаттан арашалауға келдіңдер ме?» деген сөзді оқығандай болдым. Кеше ғана костюмі мен пальтосын кигізуге таласып жүрген шәкірттері едік қой. Сол кезде: «Өзім кием, айналайын» деп киімге өзі ұмтылатын. Жиналыс пен мәжілістерден, дәріс залынан бір сәт те кешікпейтін, ертерек баппен қозғалып, жұрттан бұрын барып отыратын Зейнеағам бүгін мынандай күйде жатыр, шіркін-ай. «Ағатайым-ай, халіңіз нешік» деген сөзді сөзімізбен емес, көзімізбен айтып, жас сорғалаған күйі нұрлы жүзін сүйіп, біраз мезгіл орамалымызды көзімізден айырмадық.

Сол шақтағы ағайымыздың көзі мөлдіреп, бұрынғысындай аялап қайта-қайта қарап, «халім осы, қарақтарым» дегендей болды. Сонда да жанарынан қиындыққа төтеп берерліктей баяғы жарқын жігерін сездік. Ректор Асхат Сәлімұлы сөзінде тұрып, 2004-2005 оқу жылының басында университеттің жаңа корпусынан зертханаға арнап бір кең аудитория бөлді. Аудиторияға Зейнекеңнің өзі көргісі келген әдемі портреті ілінді де, шығарған барлық кітаптарының сыртқы беттерінің үлкен көшірмелерін көрнекті етіп жасатып, үлкен қабырғаға қатар ілдірдік. Зертханаға берілген жаңа әдемі шкафтарға кітапханадан алдырған кітаптар қойылды, ғалым туралы зиялы қауым өкілдерінің сөздері, сөзбен жазылған өмірбаяны, бейнелік өмірбаяны, ғалымдардың мақалалары ілінген стенділерге, жазушының отбасының, ағайын-тума, жора-жолдастарының, ақын-жазушыларының суреттері, бұлардан басқа Зейнекең шәкірттерінің шығармалары да бөлек стеллажда қойылды. Бұл кезде бұрынғы зертхана «Академик Зейнолла Қабдолов атындағы ғылыми-зерттеу орталығы» және мұражайы боп ашылған еді. Зерттеу орталығының есігінің жанында осы жазу көрнекті ілінген. «Қазақтың Қабдоловы» атты кітабым 2005 жылы «Арыс» баспасынан жарық көрді. Бұл кітап екі бөлімнен тұрады: біріншісі – Зекеңнің 70 жасына арнап жазылған «Жазушы. Ғалым. Ұстаз» атты монографиям, екіншісі «Зейнолла нама» атты дастаным болатын. Кітап 16 баспа табақ болып басылып шықты. Кітап ішінде түрлі-түсті 31 сурет бірге басылған, қатты

мұқабамен қапталған. Сыртқы бетінде ағаның қысқы киіммен аппақ қар үстінде жүріп келе жатқан бейнесі бар. Кітап өте әдемі шығыпты, көруге көз керектей бір дүние болған екен. Бірінші ішкі бетінде: «Бұл еңбек Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің академик Зейнолла Қабдолов атындағы ғылыми-зерттеу орталығында дайындалды» деген жазу бар. Басылып шығуына университет ректоры демеушілік жасаған еді. Кітап баспадан шығысымен, «Арыс» қорының президенті, ардақты ініміз Ғарифолла Әнес Зейнолла ағаға кітаптың тұңғыш данасын табыс етіпті. Сәуле апа кейіннен ағаның риза болған сәтін былайша білдірді:

– Сәуле, Қадекең маған арнап кітап шығарыпты. Қарашы, – деп сыртындағы суретке мейірлене қарап, алақанымен сипап, – ана телевизордың қасына қойшы, – депті апайға. Кітап осылайша Зекең күнде хабар тыңдап, концерт көріп жататын кішкене теледидардың қасынан орын тауыпты.

Менің Зейнолла ағаны соңғы көріп, жүздесуім – 2005 жылдың күзінде өтті. Ағаның аса құрметтейтін шәкірттерінің бірі, сол кезде Қазақстан Республикасы Президентінің баспасөз хатшысы және кеңесшісі Мұхтар Абралыұлы Құл-Мұхамед Атырау университетінің ректорына З.Қабдоловтың бес томдық шығармалар жинағының қалған үш томын құрастыруды тапсырыпты.

Осыған байланысты «Зейнолла Қабдолов атындағы ғылыми-зерттеу орталығының» директоры ретінде ректор маған тапсырма беріп, Алматыға іссапарға аттандырды.

Академик өзінің бестомдық шығармалар жинағын бастыруды жоспарлаған екен. Алайда, 2003 жылы тек алғашқы екі томын ғана «Санат» баспасынан жарыққа шығарыпты да, қалғанын үлгере алмапты. Енді қалған үш томы бар. Мұхтар ініміз осы мәселеге байланысты бізді көмекке шақырған екен. Мен Алматыда он шақты күндей болып, жазушының бұрынғы шыққан жинақтарындағы мақалалары мен аудармаларын реттеп, үш томға құрастырып, «Санат» баспасына тапсырдым. Бірақ бітпей қалған қолжазбаларын қозғаған жоқпын. «Кезегі келгенде, оларды да реттерміз» деген Сәуле апайдың ақыл-кеңесі орынды болды.

Енді жұмысты бітіргенімді айтуға Зекеңе келдім.

– Зейнеке, тапсырмаңыз орындалды, «Санат» баспасының директоры Серік Абдрайымовқа материалдарды табыс еттім, – дедім.

Зекең:

– Рахмет, айналайын, – деді. Жазуға, сөйлеген сөзге, істің тиянақты тындырылуына өте мұқият қарайтын аға осы айтылған екі сөзден әрі аспады. «Ананы қайттың, мынаны қайттың» демеді. Тек қана ризашылық сезіммен жаудырай қарады. Зекеңнің қасында қолын сипап біраз отырдым. Университеттегі жұмыс жайларын айттым. Амандық-саулық әңгіме болды. Әңгімені көп созбауға тырыстым. Сөйтіп, ағаның сауығып кетуін тілеп, «қош-бес» десіп аттандым.

Бұл менің Зейнолла ағаны соңғы көруім екенін білмедім. Елге «жазылып кетер» деген үлкен үмітпен аттанған едім.

Алайда, 2006 жылдың 25 тамызы бұл үмітімізді үзіп кетті.

**Қадыр ЖҮСІП**